

## ★ Құттықтаймыз! ★

Қараталаудандық мәслихатының депутаты, К. Тоқаев атындағы орта мектебінің директоры **Ләззат Сарқытбайқызы Испанованы** 16



қарашадағы туған күнімен құттықтаймыз! Білім саласына сіңіріп келе жатқан еңбегіңіз бен шәкірт тәрбиесіндегі ерен үлесіңіз үшін және еліне адал қызмет етіп, халық сенімін ақтап жүрген еңбегіңізге зор ризашылық білдіреміз. Сізге мықты денсаулық, отбасылық бақыт, мол табыс және жаңа жетістіктер тілейміз. Халық игілігі жолындағы абыройлы істеріңізге ердайым сәттілік тілейміз!

**Ізгі ниетпен: аудандық мәслихаттың депутаттық қорғусы мен мәслихат аппараты.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қаратал ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» ММ-сі Қаратал ауданы «Үштөбе орман шаруашылығы» КММ-нің Айту би ауылдық округі, Жасталап ауылы орман шаруашылығы аумағында орналасқан жалпы ауданы 586 га орман қоры жерлерінің санатынан орман шаруашылығы жүргізілуге байланысты емес өзге мақсаттар үшін басқа санаттағы жерлерге ауыстыруға қатысты қоғамдық тыңдаулардың ашық талқылау форматында өткізілетіні туралы хабарлайды. Тыңдаулар 2025 жылдың 24 қарашасынан бастап өткізіледі.

Әсер ету аумағы: Жетісу облысы, Қаратал ауданы. Жер учаскелерін ауыстыру «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының қарамағындағы» «Үштөбе орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аумағында жоспарлануда.

Пайдалану мақсаты: Айту би ауылдық округі, Жасталап ауылын кеңейту.

Бастамашы: «Қаратал ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» ММ, БСН 111240022032. Өкілі: І.Саякбаев «Қаратал ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» ММ басшысы. Тел 8(72834) 21045, эл.пошта karatal\_zher@mail.ru

Жобаның материалдары <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналастырылған және орналастырылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар беруге қолжетімді болады (сілтеме <https://ndbecology.gov.kz/>). Жергілікті атқарушы орган: «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы». Тел 8(7282)329383, эл.пошта: priroda@zhetysu.gov.kz

ОБЪЯВЛЕНИЕ


## ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

Қыс мезгілінде көлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында облыс аумағында бірқатар дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл шаралар ауа райының қолайсыз жағдайларына дер кезінде әрекет етуге және жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған.

Қысқы кезеңге дайындық жұмыстары аясында «Зара Гранд» ЖШС мердігерлік ұйымы автомобиль жолдарында қауіпсіз және үздіксіз қозғалысты қамтамасыз

алуға және жүргізушілердің қозғалысын барынша қолайлы етуге бағытталған.

**ЗАҢ МЕН ТӨРТИП**  
Қауіпсіз Қазақстан үшін!



ету үшін кешенді іс-шаралар атқару үстінде. Қазіргі уақытта мердігер ұйым тарапынан аудандық және облыстық маңызы бар жолдарға арнайы жол белгілері орнатылған.

«Ауа райының қолайсыздығы мен жол жағдайларындағы өзгерістер туралы ескерту мақсатында 74 уақытша жол белгісі орнатылды. Сонымен қатар, қауіпті учаскелерді жедел белгілеу үшін 5 жерге инертті материалдардан жасалған жол конустары орналастырылды. Жол жабыны мен жол бойындағы инфрақұрылымның жағдайы тексерілуде»-деп мәлімдеді аудандық ПБ ӘПБ-нің аға мемлекеттік көлік инспекторы, полиция капитаны Асхат Жунусов.

Аталған жұмыстар қысқы уақытта жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға, төтенше жағдайлардың алдын

Жол қызметкерлері күн сайын жолдардың жай-күйін бақылап, қажет болған жағдайда қосымша шаралар қабылдайды.

**Гауһар МҮСА**

## Семь буханок тетя Евдокия

**Уштобе – небольшой городок, центр Каратальского района. Здесь под одной крышей дружно живут представители около пятидесяти национальностей. Голос казаха, доносящийся из одного дома: «Ассалаумағалейкум!», и тёплая улыбка кореянка – всё это гармонично соседствует здесь уже много лет. В этом году страна отмечает 30-летие Ассамблеи народов Казахстана. Поэтому мне бы хотелось рассказать об одном человеке, с кем связаны самые тёплые воспоминания. Моё детство тоже прошло в городе Уштобе. Самый запоминающийся человек – наша соседка, представительница корейской национальности, тётя Евдокия, которой больше 80 лет. Пускай я сейчас живу в Талдықоргане, я не могу забыть семь испечённых ею буханки хлеба и её улыбку.**

Её юность прошла в Уштобе. С того момента...

